

example of Belarusian and German fairy tales)]. *Vestnik «Vitebski gosudarstvennyi universitet im. P.M.Maşerova»*, 3, 54.

9 Mağauin M. Ülttyñ küre tamyry [The Artery of the Nation]. *Jüldyz*.

10 Aitüly N. Jülqynyp jüirik syndy kermedegı [Rushing like a horse at the cordon].

11 Äbdıkäkımüly T. Bir tal üki [One feathered owl].

12 Sarin Q. Dala [Steppe].

13 Kolesov V.V. (2000). *Drevnäia Rüs: nasledie v slove. Mir cheloveka* [Ancient Russia: a legacy in the word. The human world]. St. Petersburg.

14 Baitanasova Q.M. Auyl beinesı jäne ülttyq tanym [The image of the village and national consciousness]. *Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy*, 2/2023, 244-258.

Received: 17.02.2026

МҒТАР 17.07.31.

DOI:10.59102/kufil/2026/iss1pp243-256

Н.А. Нуркина¹, Ә.П. Шаһарман¹

¹Торайғыров университеті, Павлодар, 140000, Қазақстан

МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ «НҮСІПХАН» ДАСТАНЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Нүсіпхан» дастанының жанрлық және көркемдік ерекшеліктері әдеби тұрғыдан талданады. Дастанның шығыстық, діни және фольклорлық үлгі тұрғысынан өзара үйлесімі ғылыми, әдеби жағынан зерттеледі.

Ақын дастанындағы жанрлық және көркемдік ерекшеліктерді талдауда әдеби-теориялық талдау әдісі, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі, мәтіндік талдау, сипаттау, жүйелеу әдістері, авторды зерттеуге бағытталған әдіс, жеке туындыны, оның мазмұны мен нысанын зерттеу әдістемесі әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде дастанның жанрлық және көркемдік тұрғыдан өзіндік ерекшеліктерге ие шығарма екендігі анықталды. Дастан құрылымында шығыстық хикая, фольклорлық табиғат, діни дүниетаным элементтері көркем поэзиямен ұштасып, шығарманың қазақ әдебиетіндегі көрнекті туындылардың бірі екендігін көрсетеді. Шығармада ХІХ ғасырдың соңындағы қазақ қоғамындағы адамгершілік пен имандылық, өмір мен өлім, тарихи және діни таным мәселелері қамтылып, мазмұндық тұрғыдан кеңінен талданады. Шығарманы талдау барысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тек ақындық қыры ғана емес, сонымен бірге ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаушы, шежіреші, дінтанушы, тарихшы ретіндегі тұлғасы айқын көрсетіледі.

Дастан өзінің тақырыбы, мазмұны және жанрлық табиғаты жағынан шығыстық қисса дәстүрінде жазылғаны, сонымен қатар қазақ фольклоры үлгісіне тән ерекшеліктері бар екендігі байқалады. Мұндағы көтерілетін басты тақырып – жақсылық пен жамандық, адамгершілік пен ізгілік, өмір мен өлім, адамның тағдыры, дін мен иман. Автордың ұстанған мақсаты – адамзатқа өнеге беру, яғни адам баласының дұрыс өмір сүріп, имандылықты ұстануын, дінге берік болуын насихаттау.

Нәтижесінде дастанның жанрлық негізі деректік екені оның көркемдік сипаты арқылы әдеби-ғылыми тұрғыдан талданды. Зерттеу жұмысының мақсаты – «Нүсіпхан» дастанының жанрлық және көркемдік ерекшеліктеріне тоқталу, көркем мәтінмен жұмыс және көркемдік бейнелеу құралдарын әдеби және теориялық тұрғыдан талдау.

Кілт сөздер: жанр, стиль, көркемдік ерекшелік, діни мәтін, шығыс әдебиеті, «Нүсіпхан» дастаны, Мәшһүр Жүсіп.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Дастандар – қазақ халқының өткен өмірін, тарихын, ерлік дәстүрін, рухани құндылықтарын сақтап келген аса құнды әдеби-тарихи мұра. Олар елдің тарихи тұлғаларын, ұлттық құндылықтарын, сондай-ақ қоғамдық өміріндегі маңызды оқиғаларды көркем тілмен бейнелейді. Сондықтан дастандар халықтың тарихи жадын, рухани болмысын танытатын маңызды дерек көзі болып табылады. Қазақ әдебиетінде дастандар басқа халықтар әдебиетіндегі сияқты фольклорлық дәстүр мен кітаби шығармаларға сүйене отырып жазылған. Сонымен қатар кейбір дастандар нақты тарихи оқиғаларға негізделіп туындаған. Бұл дастандардағы сол кезеңдегі тарихи шындық пен көркемдік қиялдың сабақтастығын көрсететіні сөзсіз.

Қазақ дастандарын зерттеу әдебиеттану ғылымындағы бірқатар ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылды. Атап айтар болсақ, Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев, Қажым Жұмалиев, Нығмет Ғабдуллин, Серік Қирабаев және Тұрсынбек Кәкішев қазақ әдебиетінің тарихын, оның ішінде дастан жанрының қалыптасуы мен дамуын ғылыми тұрғыдан зерттеп, құнды ғылыми еңбектер жазды. Аталған ғалымдар қазақ дастандарына алғаш рет ғылыми талдау жасап, дастандардың жанрлық табиғаты, тарихи негіздері туралы ой айтты, эпостық шығармалардың түрлерін жүйелеп, деректік және тарихи дастандардың ерекшеліктеріне баға берді. Сондай-ақ халық поэзиясы мен тарихи жырлардың шындыққа негізделуін, дастандардағы деректілік пен тарихи оқиғалардың шынайылығын зерттеген. Бірқатар ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесінде деректік және тарихи дастандардың тілдік, көркемдік құрылымы және мазмұндық ерекшеліктері, эпикалық шығармалардың идеялық бағыты, тарихи тұлғалардың бейнесі, сондай-ақ тарихи шындық пен көркемдік тұрғыдан бейнелеудің ара қатынасы зерттелді. Сонымен қатар қазақ дастандары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «Бабалар сөзі» атты жүз томдық ғылыми басылымға енгізілген. Аталған еңбекте қазақ дастандарының шығу тегі, олардың қазақ даласына таралуы, жанрлық түрлері және көркемдік ерекшеліктері туралы ғылыми түсініктер берілген.

КІРІСПЕ

Бұл тақырыпты таңдау себебіміз қазақ әдебиетінің тарихында танымал ақын, ойшыл, философ, фольклортанушы, тарихшы, қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының талдауға аз түскен шығармасының әдебиеттегі орнын зерттеу болды.

Мәшһүр Жүсіптің мол мұрасының ішіндегі түрлі жанрда жазылған бірқатар дастандарының арасындағы ақынның деректік дастандарын, олардың әдебиеттегі алатын ерекше орнын зерттеу мәселесі мақаланың өзектілігі болып отыр.

Мақала мақсатында қазақ әдебиетіндегі деректік дастандар – қазақ халқының өткен өмірін, тарихын, ерлік жолын, рухани құндылықтарын сақтап келген, тарихи тұлғаларын, ұлттық құндылықтарын, тарихи шындығын көркем тілмен жырға қосқан тарихи әрі әдеби құнды мұралар екендігін осы дастан арқылы көрсету.

Зерттеу нысаны – деректік дастан. Деректік дастандар – тарихи оқиғаларға немесе аңыз оқиғаларға сүйенген, шынайы тұлғалар жайлы, белгілі бір деректер негізінде жазылған көлемді поэтикалық шығармалар. Дастан батырлар мен хандар, дін және қоғам қайраткерлері туралы, олардың өмірі мен әрекеттері, сонымен қатар халықтың, сол кезеңдегі елдің тарихы туралы жазылады. Олар – қазақ халқының өткен өмірін, тарихын, ерлік жолын, рухани құндылықтарын сақтап келген, тарихи тұлғаларын, ұлттық құндылықтарын, тарихи шындықты көркем тілмен жырға қосқан тарихи әрі әдеби құнды мұралар.

Зерттеу тақырыбының ғылыми жаңалығы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Нүсіпхан» дастанының жанрлық және көркемдік ерекшеліктерін әдеби тұрғыдан талдау. Сонымен қатар дастанның жанрлық сипатының шығыстық қисса-дастан және қазақ фольклорлық үлгісі тұрғысынан өзара үйлесімін ғылыми, әдеби-теориялық жағынан көркем мәтін негізінде

зерттеу. Зерттеу барысында дастандағы көркемдік құралдар, олардың дастанның мазмұнын ашудағы қызметі әдеби-теориялық тұрғыдан қарастырылады. Дастан мазмұны арқылы сол кезеңдегі қоғамдағы имандылық, дін, тағдыр, өмір мен өлім сияқты мәселелердің көркемдік тұрғыда берілуі зерттеліп, жанрлық және поэтикалық ерекшеліктері мысалдармен дәлелденеді.

Зерттеу жұмысында ақынның шығармашылығын зерттеуге арналған ғылыми еңбектердегі ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынады.

Бұл дастандар арқылы пәнаралық мәселелерді байқатуға болады, мысалы, тарих, этнология, философия, психология. Сол дәуірдің тыныс-тіршілігі, елдің өткені, сол кездегі қоғам мен адамдары туралы ақпарат алуға болады. Сондықтан да бұл дастандардың қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше.

Тақырыптың зерттелу деңгейі біршама еңбектерде көрінеді, солардың бірі – филология ғылымдарының кандидаты, профессор Г. Жүсіпованың жазған «Мәшһүртану белестері» атты ғылыми еңбегі [1].

М. Ж. Көпейұлы шығармаларындағы басты тақырып – өмір мен өлім, мейірімділік пен зұлымдық, адамгершілік пен ізгілік, адамның тағдыры, дін мен иман. Сонымен қатар ақын шығармаларында адам мен қоғамның, адам мен жаратушының арасындағы байланыс, жаратушыға деген сенім туралы, махаббаттың да дінмен байланысты екендігі туралы айтылады. Бұл ақын шығармаларын зерттеушілердің еңбектерінде де сөз болады: «One can single out individual national concepts among universal human ones as the general human culture consists of the elements of national culture. For example, the concept of love manifests itself in different ways for different nationalities. The understanding of love in M. Zh. Kopeev's works is connected with religious ideas» [2].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Нүсіпхан» дастаны зерттеу материалы ретінде алынды. Зерттеу барысында дастанның жанрлық және көркемдік ерекшеліктерін анықтау үшін түрлі ғылыми әдістер пайдаланылды.

Дастанның мазмұны мен құрылымын анықтауда әдеби-теориялық талдау әдісі қолданылып, дастанның жанрлық сипаты, композициялық құрылымы, сюжеті мен образдар жүйесі қарастырылды.

Дастандағы түрлі көркемдік құралдарды анықтау үшін мәтіндік талдау тәсілі пайдаланылды. Осы тәсіл арқылы дастанда кездесетін метафора, теңеу, эпитет, риторикалық сұрақтар, олардың көркемдік қызметі анықталды.

Ақын дастанындағы жанрлық ерекшеліктерді талдауда салыстырмалы-тарихи талдау әдісі пайдаланылды. Шығарманың құрылымы, поэтикалық ерекшеліктері қазақ дастандары және шығыстың қисса-дастандарымен салыстырылды.

Мақалада осы тақырыпқа байланысты ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі тұжырымдары, дастан туралы зерттеулер талдау, сипаттау, жүйелеу әдістері арқылы көрсетілді.

Зерттеу нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аталған дастанындағы көнерген сөздердің мағынасы түсіндіріліп, көркемдік ерекшеліктері анықталды.

НӘТИЖЕЛЕР

Мәшһүр Жүсіптің артына мұра етіп қалдырған еңбектері мол, олардың ішінде «Жантемір қажы», «Шонтыбай қажы», «Нүсіпхан» сияқты деректік дастандары бар. Бұл дастандар – тарихи-діни тұлғалардың өмір жолы, ел ішіндегі ықпалы аңыз бен деректер негізінде жырланған деректік дастандар. Солардың ішінде зерттеу нысанына алғанымыз – «Нүсіпхан» дастаны. Басқа деректік дастаннан бөліп алып, талдау нысанына түсу себебі және бізді

қызықтырған тұсы – Абай Құнанбайұлы, Құнанбай Өскенбайұлына қатысты деректердің көркемделіп берілуі.

Нүсіпхан мен Абайдың достығы, Абай мен Мәшһүр Жүсіптің таныстығы жайында бірқатар зерттеуші ғалымдар түрлі пікір айтқан. Мысалы, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының профессоры Қанипаш Мәдібай өзінің «Абай мұрасы мен ілімін деректер негізінде тану» атты мақаласында былай дейді: «Қазақтан қажылық сапарға барған адамдар туралы дастандар топтамасында берілген бұл туындыда Нүсіпхан атты Тобықты елінің адамы саудамен Омбы барып, қайтар жолда қатты науқастанып қалып, ел-жұртымен, сапарлас жігіттермен қоштасып жатып досы Ыбырайға сәлем жолдайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинағында берілген «Нүсіпхан» дастанында баяндалатын оқиға, Түсіпханның төртінші әйелі Жамал Ноғайқызының, Құнанбай Өскенбайұлының қажылық сапарында күйеуінің өсиет етуімен сол кісіге ілесіп уәкіл қажылыққа барғаны, сол жерде қайтыс болғаны туралы да ақын М. Ж. Көпейұлының «Нүсіпхан», Абай еліндегі «Түсіпхан» дастандарындағы оқиға желісін өмірлік негізде қанықтыра түскен деректермен бөліседі» [3].

Ал зерттеуші Ержан Имашев бұл турасында өзінің «Ortalyq Qazaqstan» газетіндегі «Абай мен Мәшһүр Жүсіп» атты мақаласында былай дейді: «Бұл туындыны басынан аяғына дейін оқып шыққан адам Мәшекеңнің Ұлы Абаймен жай ғана таныс-біліс емес, аралас-құралас, сырлас-мұндас та болғандығына көз жеткізгендей әсерде қалады. Өйткені, Нүсіпхан туралы хикаяны ол басы-қасында тұрғандай, бүге-шігесіне дейін жырлап, баяндайды. Оны сол сапарында Абайдың өзінен естімегенде кімнен естиді, тіпті, оның ауылында қонақта болып, әкесі Құнанбайды да көрген-ау деген тұжырым жасауға тура келеді. Мәшһүр Жүсіптің Абайды етене жақсы білгені дастанның өн бойынан аңғарылып тұрады» [4].

Филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Ердембеков өзінің «Әсет мұрасы: аңыз бен ақиқат» атты мақаласында бұл дастанның авторы кім екендігі әлі даулы мәселе дейді: «Екінші бір даулы дүние – Әсеттің қытайда шыққан қос томдығына еніп кеткен «Түсіпхан» дастаны. «Түсіпхан» Әсеттен басқа Абайдың шәкірті Бейсенбай Жәнібекұлына, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлына телініп жүр. Авторы белгісіз туынды ретінде «Түсіпхан» қиссасы алғаш рет ғалым Бейсенбай Байғалиевтің ұсынуымен 1996 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланып, қиссаның соңында «Жұлдызға хат» деген айдармен екі адамның хаты берілді. Баянауыл өлкесінен Сүйіндік Көпеев деген қиссаны М. Ж. Көпейұлыныкі, ал оны елге таратушы Әсет ақын деген пікірді ұстанса, қиссаның бір нұсқасын бізге сақтап жеткізуші Алматы өңірінен Ж. Айдарханұлының: «Нүсіпханды» Абай төңірегіндегі ақындардың біреуі шығарса керек-ті. Өкініштісі, авторы кім екендігін ешкім де дөп басып айта алмайды», - деген пікірі қисса авторының әлі де болса анықталмағанын айғақтайды», - деген пікір айтады [5]. Ал ф.ғ.к., профессор, Г. Жүсіпова өзінің «Мәшһүртану белестері» атты еңбегінде: «Нүсіпхан» дастанының көп уақыт авторы белгісіз болып келгені мәлім. Оған осы дастан атының сәл өзгертіліп, «Түсіпхан» аталып, авторы көрсетілмей жариялануы және сол басылымға ілесе берілген Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданындағы Ж. Айдарханұлы пікірі де дәлел бола алады. Біздіңше, поэманың Мәшһүр Жүсіптікі екені сол «Жұлдыз» журналында дастанға ілесе берілген екінші бір материалда, ақын немересі Сүйіндік Көпеевтің «Жұлдызға хат» мақаласында да жете дәлелденген тәрізді. Онда автор өз қолында сақталған нұсқа басылымында поэманы жазған Мәшһүр Жүсіп екендігі анық баяндалғанын тілге тиек етеді. Өзінің жас жігіт кезінде шығарған осы дастанын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бірнеше дана қып көшіріп өз достарына сыйлаған. Мәшекеңнің қолтаңбасының бір данасын оның ең жақсы көретін дарынды шәкірттерінің бірі, белгілі ақын – Әсет Найманбаев қалап алған екен», - деген пікір жазады [1,126-127].

Дастан турасында, оның авторы турасында, сонымен қатар Абай мен Мәшһүр Жүсіптің таныстығы мен достығы, қарым-қатынасы турасында ғылыми еңбектерде осындай түрлі пікірлер, зерттеулер өте көп.

ТАЛҚЫЛАУ

Бұл дастан – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығының ерекше қырын танытатын маңызды туындылардың бірі. Дастанның жанрлық және поэтикалық құрылымы да ерекше сипатқа ие. Шығармада адамгершілік пен имандылық, өмір мен өлім, тарих, дін мәселелері кеңінен қамтылады. Яғни, мұндағы көтерілетін басты тақырыптар – өмір мен өлімнің мәні, жақсылық пен жамандықтың айырмасы, адамгершілік пен ізгілік, адамның тағдыры, дін мен иман жайындағы ой-толғамдар. Дастан өзінің тақырыбы, мазмұны және жанрлық табиғаты жағынан шығыстық қисса дәстүрінде жазылған, сонымен қатар қазақ фольклорына тән ерекшеліктерді де байқауға болады.

Дастанның басты мақсаты – адамзатқа өнеге беру, яғни адам баласының дұрыс өмір сүріп, имандылықты ұстануын, дінге берік болуын насихаттау. Осы дастан арқылы Мәшһүр Жүсіптің ойшылдығын, терең діни-философиялық танымын, көркемдік шеберлігін байқауға болады. Бұл шығарма қазақ дастандарының көрнекті үлгілерінің бірі. Себебі ол тек көркем шығарма ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының рухани құндылықтарын бейнелейтін мәдени-тарихи туынды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының зерттеліп отырған «Нүсіпхан» дастанын философиялық шығарма ретінде қарастыруға болады. Шығармада адам мен қоғамның, адам мен жаратушының арасындағы байланыс, жаратушыға деген сенім, өмірдің өткінші екендігі секілді терең философиялық тұрғыдан пайымдалады. Сонымен қатар дастанның тәрбиелік, тағылымдық сипаты айқын, сол себепті де шығарманы дидактикалық бағыттағы туынды деуге де болады. Ақын осы дастан арқылы қазақ қоғамының сол дәуірдегі әлеуметтік-рухани болмысын, өмір мен өлім жайлы түсініктерін, тарихи дәуірдің өзіндік ерекшеліктері, кейіпкерлердің адамгершілік қасиеттері жайлы мәлімет береді. Тарихи тұлғалардың іс-әрекеттері мен олардың қоғамдық маңызы да көркем түрде суреттеледі. Дастанда халықтың дүниетанымы, тарихи шындық, қазақтың ұлттық идеалдары мен батырлық рухы, Нүсіпханның әділдігі мен ел алдындағы беделі, өлім алдындағы соңғы өсиет сөздері, дін мәселелері кеңінен көрініс табады. Ақынның тарихи дереккөздерге сүйене отырып, қазақтың әдет-ғұрпын, тарихи тұлғаларын және халықтың рухани құндылықтарын суреттеуі дастанның мәдени және тарихи маңызын арттыратыны сөзсіз.

«Нүсіпхан» дастанының өзіндік бірқатар ерекшеліктері бар. Атап айтсақ, дастанның тарихи негізділігі. Мәшһүр Жүсіп осы дастанында тарихи шындық пен сол кездегі оқиғалар туралы сөз етеді. Нақты тарихи оқиға мен тарихи тұлғаның өмірі мен ерлігін суреттейді, бірақ оларды әдеби көркем тәсілмен, ел аузында жүрген аңыздар мен халықтық дәстүрлермен үйлестіре отырып береді. Дастандағы басты кейіпкер – Нүсіпхан. Дастанда Нүсіпханның батылдығы мен әділдігін, адалдығын Құнанбай мынадай жолдармен суреттейді:

Нүсіпхан ол да өзіңдей бағлан шығар.
Алланың сүйген құлын жастай алмақ,
Құдайым күнәсыз ғып алған шығар.
Ешкімге қас қылмаған өндірі еді,
Жұмаққа аялдамай барған шығар [6, 135].

Нүсіпханның қандай адам болғандығын сондай-ақ әйелі Жамалдың жоқтауынан да көруге болады:

Кім бар мендей арманда,
Сұңқарын қолдан ұшырған?!
Артық туған жалғызым,
Өнерін жұрттан асырған!
Аламын деген дұшпаны
Аяғына бас ұрған! [6, 148-149].

Келесі бір ерекшелігі – ақынның дереккөздерге сүйенуі. Ақын дастанда халық арасында айтылатын аңыздарға, шежірелерге, нақты тарихи деректерге, дереккөздерге сүйенген.

Дастанның дереккөздерге сүйенгендігіне дәлел болатын мысал – Құнанбайдың қажылыққа аттануы (шамамен 1874ж.). Сонымен қатар Меккеде Нүсіпханның өсиетімен мешіт, медресе салуы:

Меккеге тәуеп қылды сонда барып,
Айтқанын Нүсіпханның екі қылмай,
Сол жерге мешіт, медресе қойды салып [6, 156].

Дастанның тәрбиелік мәні мен танымдық маңызы да ерекше. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дастандары бізді өткеннен өнеге алуға, ұлттық рухты көтеруге, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейді. Осы тұрғыдан дастан – танымдық, тәрбиелік маңызы бар шығарма. Дастанда қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтары, адам бойындағы ізгілік пен адамгершілік қасиеттері туралы айтылып, дастандағы әрбір кейіпкер арқылы, олардың іс-әрекеттері арқылы адам бойындағы қайырымдылық, әділдік, батырлық, мейірімділік, адамгершілік, кішіпейілдік секілді қасиеттер сөз болады. Сол кезеңдегі дәстүрлі қазақ қоғамы, ондағы билік жүйесі, қоғамдық қатынастар, дінді дәріптеу, қажылыққа бару жайлы айтылады. Автордың осы тұрғыда айтатын ойы – халықты бірлікке шақыру, ұлттың бірлігі мен елдің игілігі үшін еңбек ету керек деген тәрбиелік маңызды ой. Сондай-ақ дастанда жастарды адам бойындағы игі қасиеттерге – туған елі мен жерін сүю, адалдық, батырлық, өз елін қорғау, ұлттық құндылықтарды сақтауға тәрбиелеуге басты назар аударылады. Дастандағы басты кейіпкер Нүсіпханның бойындағы нағыз ер жігітке тән қасиеттер – жомарттық, адалдық, батырлық қасиеттері, патриоттық сезімі халықтың идеалы, арман-мақсаты ретінде сипатталады, осы образ арқылы көрініс табады. Оның осындай қасиеттері мен іс-әрекеттерінен, шешімдерінен жас ұрпақ сабақ алсын деп автор Нүсіпханды жастарға үлгі етеді. Мысалы:

Кем болған адам емес ішер астан,
Әрдайым алғыс алған жолдас, достан.
Жетім-жесір, кәріпке жәрдем беріп,
Халқына қамқор екен асқар белдей.
Нүсіпхан қатарында бағлан екен,
Беделді барған жерде болған екен [6, 94].

Нүсіпханның бойындағы адалдық, имандылық, мейірімділік секілді қасиеттерді сипаттау дастанда молынан ұшырасады:

Дініне исламның мойын сұнған.
Көп қайыр тіршілікте жасап едім,
Алдыма келгеніңде көп мұсылман [6, 100],
Үлестірдім қайыр-зекетті,
Қайда кетті-ау бергенім?! [6, 103]
Шаршап келген пақырға
Көлік берген бел едім.
Сусап келген ғаріпке,
Сусын болған көл едім.
Жақынымды қорғалып,
Жауға бермес ер едім! [6, 107].

Осылайша, бұл дастан жастарға өмірлік сабақ беретін, адамгершілік қасиеттерді насихаттайтын дидактикалық, тәрбиелік мәні мол шығарма. Дастан көпшілік оқырманға өмірлік мәні бар ой салып, тәлім-тәрбие, тағылым, өмірлік сабақ береді, моральдық қасиеттер дәріптеледі.

Дастанның құрылымында, мазмұнында және көркемдік тәсілдерінде шығыс поэзиясының стилі байқалады. Мысалы, басты қаһарманның тұлғасы шығыстың дастандарында кездесетін кейіпкер, яғни ол дана, ел қамын ойлаған батыр, әділ кейіпкер. Сондай-ақ шығыс поэзиясында кездесетін діни сөздер, діни ұғымдар, Аллаға деген сенім, имандылық, тағдырға мойынсұну секілді ұғымдар осы дастанда да кездеседі. Сонымен қатар көркемдік шеберлік жағынан да ұқсастық бар. Мысалы, Нүсіпханның ажалы жеткенін түсініп,

артында ұрпағының қалмағанына, жалғыздығына өкінуі, жанындағы жолдастарына айтар өсиет сөзі көркем тілмен шебер жеткізілген:

Екеу туса атадан,
Арт жағы оның бармен тең.
Саясы жоқ бәйтерек,
Сазға біткен талмен тең.
Ақылы жоқ бозбала,
Алды тұйық жармен тең.
Зейіні жоқ жас жігіт,
Хайуан дайым малмен тең.
Жақсыдан ұқсаң ақылды,
Алуа, шекер, балмен тең.
Жалғыз тусаң атадан,
Алды-артың тармен тең [6, 114]!

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Нүсіпхан» дастанының тағы бір үлкен ерекшелігі, зерттеу нысанына алынуы – дастанда қазақтың рухани көшбасшылары, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы мен әкесі Құнанбай Өскенбайұлына қатысты деректер бар. Бұл осы дастанның, жалпы Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығының ерекше қыры, маңызды тұсы. Дастанда басты кейіпкердің қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлымен достығы жайлы сөз болады. Демек, дастан тек әдеби шығарма, әдеби мұра ғана емес, тарихи-танымдық дереккөз болып табылады. Дастанда ХІХ ғасырдағы қазақ қоғамының рухани, діни, әлеуметтік көрінісі көрсетіледі. Автор Құнанбайды тек билік иесі ғана емес, дін жолын ұстанған, қажылыққа барған, ел ішіндегі рухани өмірге ықпалы тиген тұлға деп суреттейді. Құнанбайдың діни сауаттылығын, ақылы мен парасатын ерекше атап көрсетеді. Тарихи шындыққа негізделген бейнені береді. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіп Абайды терең құрметтеген, оның адамгершілігін, әділдігін, даналығын, адалдығын атап өтеді.

Дастанның мазмұны бойынша Нүсіпхан мен Абай жақын достар болған. Дастанда мынадай өлең жолдары кездеседі:

Ыбырай еді жан достым –
Құнанбайдың баласы.
Жалғыз достың мен едім,
Дұшпанның қанар табасы.
Хабар салса барушы ем,
Партия болса таласы.
Туысындай мені көруші ед.
Болыстық сайлау болғанда
Маған қатты сенуші ед.
Жөнім бөлек келуші ем,
Соңынан қолдап еруші ем [6, 117].

Мәшһүр Жүсіп пен Абайдың сөз шеберлігін, ой үндестігін де байқауға болады. Осы жайында ғалымдар Қ. П. Жүсіп пен Н. Қ. Жүсіпов «Абай және Мәшһүр Жүсіп» атты мақаласында былай дейді: «Абайда көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін дерексіз ұғым «өтірік» заттандырылып, оны жүндей сабау іске асырылған. Сонымен бірге мұнда күн көрісі негізінен алғанда, мал өнімдерін кәдеге жарату, жүн сабау, киіз басумен байланысты болған қазақ тіршілігіне, танымына неғұрлым жақын баламаны, демек ұлттық өрнекті, пайдалану жүзеге асқан. Сөйтіп әрі дерексізді заттандыру, әрі оны халық ұғымына жақындату арқылы Абай әсерлі де айқын бейнелеу үлгісін әкелді. Мұндай ізденіс биігін Мәшһүр Жүсіптен де көреміз» [7, 219].

Дастанның жанрлық табиғаты мен ондағы ақын стилі туралы сөз қозғайтын болсақ, бұл деректік дастан. Дастанда бірнеше кейіпкердің басынан кешкен оқиғалары, сол кезеңдегі тарихи жағдай көркем түрде бейнелі етіп беріледі. Автор эпикалық баяндау тәсілін қолданады, сонымен қатар ауыз әдебиетіне тән дәстүрлі үлгілер де беріледі.

Дастан стильдік жағынан өте күрделі және көп қабатты. Оның өзіндік стиліне тән ерекшеліктер: дастанда шығыстық поэзияға тән мотивтер кездеседі. Мысалы, хикаялы баяндау, тағдыр мен сынақ, өмір мен өлім туралы ойлар кездеседі. Сонымен қатар фольклорлық стиль элементтерін де кездестіруге болады: мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, діни ұғымдар дастанда мол ұшырасады. Ақын діни терминдерді, араб-парсы тілдерінен енген сөздерді көп қолданады. Мысалы: Алла, Хақ Тағала, Жаратқан, Пайғамбар, жамиғат, шариғат, фәни, бақи, ғайып, мизам, шариғат, т.б.

Дастанның тіл байлығы да ерекше, онда көптеген көркемдік құралдар – бейнелі тіркестер, эпитеттер, гипербола, метафора, теңеу, поэтикалық сөз өрнектері көптеп кездеседі. Мысалы: «Құбылған тоты құстай күнім», «Сүттен ақ, балдан тәтті тән», «Алтынның жарқыраған сынығы», «Жайнаған қарақаттай екі көзі» секілді эпитеттер, «Дарияның аралында шынар едім», «Тиыннан теңге құрап, байимын деп», «Жалғызға жылағанмен лаж бар ма?», «Шамшырақ едім жайнаған, өз-өзімнен сөнгенім», «Құдіреті күшті Тәңірім, қақсаттың мендей сұңқарды», «Жалғыздықты ойласам, сүйекке біткен шермен тең» сияқты метафоралар кездеседі. Сондай-ақ Ақын Нүсіпханның сол кездегі жағдайын көрсету үшін ұлттық нақышты орынды, шебер қолдана білген:

Кез болдым өсімдіктей бозқырауға,
Жақсылық болар екен қай уақытта?!

Балдан тәтті, сүттен ақ қайран денем,

Көмілер көп ұзамай топыраққа [6, 101],-деген өлең жолдарында өсімдіктің қыстың алғашқы жаршысы – бозқырауға ұшырауы, суыққа ұрынуы, үсік шалуы көзге елестейді. Ақын қаһарманды да осы күйде береді, ол да сондай күй кешті деген ой айтады. «Құбылған тоты құстай күнім қайда?», «Өлгенше боз інгендей боздайтұғын», «Қыраттан қашқан түлкідей қызықты дүние», «Саясы жоқ бәйтерек – сазға біткен талмен тең», «Жақыныңнан жау шықса – ызғарлы жауған қармен тең», «Ұлдың жақсы туғаны – аспандағы күнмен тең» деген теңеулер, «Тағдырдан ажал жетсе, кім құтылар?», «Жиырманның бесеуінде мендей болып, перзентсіз о дүниеге барған бар ма?!», «Артымда қалған төрт әйел, отырар кімге алданып?!», «Перзентсіздік белгісі – менің артым кіммен тең?!» сияқты оқырманға ой салатын түрлі риторикалық сұрақтар кеңінен қолданылады. Символизм мен аллегория да бар – кейіпкерлер бейнесі астарлы мағынаға ие. Сонымен қатар дастанда діни сарындағы сөздер, афоризмдік нақыл сөздер, фольклорлық бейнелер атаулары да кездеседі. Бұл көркемдік құралдар кейіпкердің көңіл-күйін, мінез-құлқын, іс-әрекеттерін ашып көрсетеді. Кейіпкердің жан-дүниесі, ішкі әлемі, жан толғанысы психологиялық тереңдікпен, философиялық түрде беріледі.

Дастанның ерекше әсерлі, терең философиямен берілген мұнды бір тұсы – басты қаһарман Нүсіпханның еліне аман-есен оралмайтынын біліп, артында қалған ел-жұртына арнауы:

Жалғыз басым жоғалды-ау қаңғып жүріп,
Артыма сөз жазайын мен бейшара.
Баласы Садуақастың мен Нүсіпхан,
Перзентсіз айналды артым шын тақырға![6, 100] немесе
Бес күндей де болмады,
Жиырма бес жаста көргенім.
Көрген түстей болды ғой,
Қызық дәурен сүргенім.
Ел көре алмай зарланып,
Жапанда қалдым мен ғаріп,
Арманым көп, дерт күшті,
Халқымды барып көрмедім.
Жалған дүние, қайтейін,
Өзегімді менің өртедің! [6, 104].

Нүсіпхан өзінің баласыз қалғандығы, елін, жерін енді көре алмайтындығы, жасының жиырма бесте ғана екендігі, жапанда жалғыз қалғандығы туралы айтады. Әсіресе, артында ұрпағының қалмағандығын, баласы жоқтығын айтып, қатты күңіренеді. Қазақ санасында баланың, артынан ерер ұрпағының жоқтығы үлкен қасірет. Бұл қазақ халқының құндылықтарымен, қазақи дүниетаныммен, адам өмірінің мәнімен, өмірінің жалғастығымен байланысты. Мұндай образ әдебиетте үлкен күйзелістегі, мұңлы, ішкі қайғысы, өкініші бар адам бейнесінде беріледі. Қазақ әдебиетінде бұл бейне эпостық жырлар мен дастандардан бастап барлығында кездеседі. Мысалы, батырлар жырларында батырдың ата-анасы бала көрмей, ұзақ уақыт тәңірден бала сұрап, әулиелерді аралайды. Кейін сол дүниеге келген бала елін қорғайтын үлкен батыр болып өседі. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында Байбөрі мен әйелінің бір балаға зар болуы бейнеленеді. Байбөрі байдың қолы ашық, қайырымды екендігі, кедей-кепшікке ас-ауқат беріп, қарайласып тұратындығы айтылады. Мыңғырған жылқысы бар, дәулеті шалқыған байдың жүрегінің түкпірінде орындалмай жүрген бір арманы бар. Ол – перзент сүю.

Соншама бай болса да,
Жоқ еді ердің баласы.
Алланың өзі бермесе,
Пенденің бар ма шарасы?
Сол уақыттар болғанда,
Сексенге жасы толғанда,
Кетем деп байғұс арманда
Қайғылы болып қамықты
Перзентсіз болып қалғанға.
Құбылаға бас беріп,
Екі көзге жас беріп,
Байбөрі Хаққа налынды.

Баласының жоқтығына Нүсіпхан да налиды. Соңынан еретін бір тұяғы болмағанына өкінеді:

Пендеде ажал кумай қаған бар ма?!
Жиырманың бесеуінде мендей болып,
Перзентсіз о дүниеге барған бар ма?!
Дарияның аралында шынар едім,
Орнымда көктеп туған бір ұл бар ма?!
Жалғыз едім, далада жоғалдым ғой,
Артымда дәулетке ие адам бар ма?!
«Жетім тайым жетер!» - деп айтар едім,

Шырылдап жылап тұрған балам бар ма? [6, 97],-деп өзінің орнын басатын, түтінін түтетіп, шаңырағына ие болатын бір баласының болмағандығын айтып налиды. Дастанның басында Нүсіпханның баласыз екендігі, бір перзентінің жоқтығы туралы айтылады. Қазақ халқы үшін бұл үлкен қасірет екендігі көрсетіледі. Артында ұрпағының қалмауы, қанша уақыт жинаған мал-мүлкінің иесі жоқтығы, енді сол жиған байлықтың қажетсіз екендігі, осынша байлықтың баянсыздығы айтылады.

Сонымен қатар Нүсіпханның елімен, жерімен қоштасуында:

Таңды жарған шолпаным,
Қарайып батты бұлтқа-ай!
Опасы жоқ сұм дүние,
Басыма қайғы жуытты-ай!
Ашылмаған сандығым,
Жүректен салды құлыпты-ай!
Күдіреті күшті құдайым,

Мұндайлық қылыпты-ай! [6, 109]-деп, кейіпкер өзінің басына түскен қайғы, ауыр дертке шалдығуы, уақытының аз қалғандығы туралы айтады. Мына дүниенің сұм, опасыз екенін,

басына қайғы түскенін, сондай-ақ «жүректен салды құлыпты» деп жүрегінің құлыпталғанын, ішкі жалғыздығын, тіршілігінің тоқтайтынын, жанының жазылмас жарасын әсерлі жеткізе білген.

Сондай-ақ қаһарман өз заманында, жастық шағында дінге, жаратушының жолында құрбандық жасауға көңіл бөлмегендігіне өкінеді:

Шариғатты молда айтса,
Надандықпен нанбадым.
Құдай үшін мал шашып,
Қажылыққа бармадым!
Арафаттың (қарапаның) тауына
Қолымнан құрбан шалмадым.
Байтолланың жолына
Медресе, мешіт салмадым!
Тар заманға кез болдым,
Кеңінен орын алмадым!
«Қажының бейіті»,- дегізіп,
Бір белгімен қалмадым! [6, 106].

Осылайша, сапарының соңында, осы аурудан жаны аман қалмайтынын сезгенде өмірдің мәнін енді түсініп, Аллаға сыйынып, әйелі Жамалдан қажылыққа баруын өтінеді. Жамал дастан барысында ақылды, дана, көреген әйел ретінде сипатталады. Оның Нүсіпханның айтқанын екі етпей, сол жерде мешіт салып, енді Құдайға жалбарынып, өзінің осы жерде өлуін тілегенінен жан жарына деген адалдығы көрінеді:

– Айналайын, Құдайым,
Басыма салдың уайым!
Қасында өлсем арман жоқ,
Тілекті берші құдайым!
Тілегімді берсеңші,
Берер болсаң тілекті,
Осы жерде өлсемші! [6, 157].

Осылайша дастанның дасты идеясы дін, дінді насихаттау, Аллаға сыйыну ғана емес, өмір мен өлімнің қатар жүретінін, адамгершілік пен ізгілікті, олардың мәнін түсіндіру екендігі анықталды.

Ақын өмір сүрген кезеңдегі әдебиетке тән ерекшелік білімге шақыру, халықты оятуға талпыну, еркіндікке, бостандыққа ұмтылу болды. Сол кезең өкілдері халықты рухани дамыту, оқу-ағарту бағытында көп жұмыс жасады. Сонымен қатар бұл кезеңде діни тақырыптағы шығармалар да көп жазылды. Ақындардың барлығы сол кезеңдегі қоғамда болып жатқан жайттарды жырлап, сол кезеңдегі өткір мәселелерді көтере білді. Олардың көпшілігі діни сауатты, шығыс әдебиетімен сусындап өскен, араб-парсы тілдерін жақсы меңгерген ақындар еді.

Қазақтың рухани мәдениеті мен әдебиетінде өзіндік ерекше орны бар, қазақтың данышпан ақыны, фольклор танушы, тарихшы, этнограф, ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз шығармаларында ел ішіндегі болып жатқан жағдайларды, өзгерісті жырлады, ол халықты өнер-білімге шақырды, дінді насихаттады оның басты арманы, мақсаты – халықты сауаттандыру, қазақ қоғамында ислам дінінің мәнін түсіндіру болатын. Діни шығармаларында ислам діні мен қазақтың салт-дәстүрлерінің байланысын көрсетеді. Ақын шығармалары қазақтың рухани және мәдени дамуына мол үлес қосты. Бұл шығармалар – қазақ халқының рухани мұрасын, ұлттық санасын, діни құндылықтарын биікке көтерген, дәріптеген баға жетпес қазына.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Нүсіпхан» дастаны жанрлық, көркемдік жағынан талданды. Жанрлық және поэтикалық құрылымы жағынан бұл ерекше дастан, қазақ әдебиетіндегі көрнекті туындылардың бірі деуге толық негіз бар. Дастанда шығыстық хикая да, фольклорлық үлгі де, дін мәселесі де, көркем поэзия да бар. Автор шығармада адамгершілік, имандылық, өмір мен өлім, дін мен тарих туралы сөз қозғайды, адами құндылықтарды насихаттап, ұрпақ тәрбиесіне де үлес қосады. Мақалада ақын дастанының жанрлық, көркемдік тұстарына зерттеу жасап, осы дастанның негізінде Абай мен Мәшһүр Жүсіптің, Абай мен бас кейіпкердің таныстығын қарастырдық, сөйтіп авторды тану үшін ізденіс жасадық. Дастан авторын анықтау үшін жазылған мақалаларды, бірқатар ғылыми еңбектерді қарастырдық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Нүсіпхан» атты дастаны, оның жанрлық және көркемдік ерекшелігі мақала нысаны етіп алынды.

Жалпы, дастан – қазақ әдебиетіндегі көркемдік әрі рухани тереңдігімен ерекшеленетін көркем шығарма. Дастанда адамгершілік құндылықтар насихатталады, кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы жастарға жақсылық пен жамандықтың ара-жігін ашып көрсетеді, дастандағы кейіпкерлер арқылы, олар өткен өмірдің түрлі сынақтары арқылы оқырманға адамзаттың осы өмірдегі парызы, тағдыр мен өмірдің мәні туралы ой салады. Автор жай ғана оқиғаны баяндап қана қоймайды, сол оқиғаның арғы жағындағы қоғамдағы өмір шындығын жеткізеді.

Ақын дастанындағы жанрлық және көркемдік ерекшеліктерді талдауда авторды зерттеуге бағытталған әдіс, жеке туындыны, оның мазмұны мен нысанын зерттеу әдістемесі әдісі қолданылды. Мақаланың зерттеліп отырған тұстары және ғалымдардың осы тақырыптарға байланысты ғылыми тұжырымдары топтау, талдау, сипаттау тәсілдері арқылы көрсетілді. Дастан ақын дүниетанымын, рухани-танымдық көзқарасы мен әдебиеттегі шығармашылық мұрасының ауқымын танытатын аса құнды әдеби ескерткіш ретінде бағаланады.

Бұл жұмыстың нәтижесі Мәшһүр Жүсіп шығармаларын оқу үшін, тану үшін, ондағы көнерген сөздердің мағынасын түсіну үшін қажет болады. Ақынның басқа да деректік дастандарын қарастыру, оларды болашақта зерттеу қажет.

Зерттеу жұмысы мектеп оқушыларына, магистранттар мен докторанттарға қажет, сонымен қатар көмекші материал бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жүсіпова Г. Мәшһүртану белестері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 303 б.
- 2 Abdullayeva K., Trushev A., Ergaliev K., Erlanova A. linguistic Picture of the world in the poetry of M. Korpееv. – Utopia y Praxis Latinoamericana 25, Extra 6, 2020. – P. 14-28. <https://www.redalyc.org/journal/279/27964115002/27964115002.pdf>
- 3 Мәдібай Қ. Абай мұрасы мен ілімін деректер негізінде тану. «Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы және ілімі» атты III халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 10 тамыз, 2022.
- 4 Имашев, Е. Абай мен Мәшһүр Жүсіп. «Орталық Қазақстан» газеті, 11.07.2020. <https://ortalyq.kz/110720200011-2/>
- 5 Ердембеков Б. Әсет мұрасы: аңыз бен ақиқат. Әдебиет порталы. 04.12.2018. https://adebiportal.kz/kz/news/view/aset-murasy-anyz-ben-aqiqat_21002
- 6 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалар жинағы. VI том. – Павлодар: ЭКО, 2023. – 184 б.
- 7 Жүсіп Қ., Жүсіпов Н. Абай және Мәшһүр Жүсіп. – Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 2020. №3. – 219 б. <https://vestnik-philological.tou.edu.kz//storage/journals/108.pdf>
- 8 Abdullayeva K. The conceptual system in the image of the poetic universe of Mashhur Zhusip. –

Bulletin of the University of Toraigyrov. Philological series, 2024. №4. – P. 6-17.

9 Berikbolova P., Abiy A., Aydogdu S. History of Kazakh Literature Classification // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 122, 19 March 2014, – P. 189-193

10 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1918. – 442 б.

Материал 01.02.2026 баспаға түсті

Жанровые и художественные особенности дастана «Нусипхан» Машхура Жусупа Копеева

Н.А. Нуркина¹, А.П. Шакарман¹

¹Торайгыров университет, Павлодар, 140000, Казахстан

В данной статье рассматриваются жанровые и художественные особенности дастана «Нусипхан» – произведения выдающегося представителя казахской литературы Машхура Жусупа Копеева. Рассматривается взаимодействие дастана с восточной, религиозной и фольклорной традициями с научной и литературной точек зрения.

При анализе жанровых и художественных характеристик дастана были использованы следующие методы: литературно-теоретический анализ, сравнительно-исторический метод, текстологический анализ, методы описания и систематизации, метод исследования автора, а также методика изучения произведения, его содержания и формы.

В результате установлено, что «Нусипхан» представляет собой образец жанрового и художественного наследия. Через призму восточной истории, фольклора, религиозных проблем и поэтического стиля дастан раскрывается как одно из значительных произведений казахской литературы. В нем поднимаются важные темы нравственности и честности, жизни и смерти, религии и истории казахского общества конца XIX века. Дастан также свидетельствует о том, что Машхур Жусуп Копеев был не только поэтом, но и собирателем устного народного творчества, летописцем, религиоведом и историком.

Отмечено, что по своей тематике, содержанию и жанровой природе дастан написан в традициях восточной кассы, обладая при этом характерными чертами казахского фольклора. Центральные темы произведения – борьба добра и зла, вопросы нравственности и добродетели, жизни и смерти, судьбы человека, религии и веры. Цель автора заключалась в передаче нравственного послания человечеству – в призыве к праведной жизни, верности религии и следованию духовным ценностям.

Таким образом, в исследовании с литературно-научной точки зрения были проанализированы жанровая основа и художественный облик дастана. Целью данной работы стало выявление жанровых и художественных особенностей произведения «Нусипхан», а также проведение литературно-теоретического анализа средств художественного изображения.

Ключевые слова: жанр, стиль, художественная специфика, религиозный текст, восточная литература, дастан «Нусипхан», Машхур Жусуп.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Жусупова Г. Мәшһүртану белестері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 303 с.

2 Abdullayeva K., Trushev A., Ergaliev K., Erlanova A. linguistic Picture of the world in the poetry of M. Kopeev. – Utopia y Praxis Latinoamericana 25, Extra 6, 2020. – P. 14-28. <https://www.redalyc.org/journal/279/27964115002/27964115002.pdf>

3 Мадибай К. Признание наследия и учения Абая на основе данных. Материалы III Международной конференции «Творческое наследие и учение А. Кунанбайулы». – Алматы, 10 август, 2022.

4 Имашев Е. Абай и Машхур Жусуп. Газета «Центральный Казахстан», 11.07.2020.

<https://ortalyq.kz/110720200011-2/>

5 Ердембеков Б. Наследие Асета: легенда и истина. Литературный портал. 04.12.2018.
https://adebiportal.kz/kz/news/view/aset-murasy-anyz-ben-aqiqat_21002

6 Машхур Жусип. Собрание сочинений. Том 6. – Павлодар: ЭКО, 2023. – 184 с.

7 Жусип К., Жусупов Н. Абай и Машхур Жусип. – Вестник Торайгыров университета. Филологическая серия, 2020. №3. – 219 с. <https://vestnik-philological.tou.edu.kz//storage/journals/108.pdf>

8 Abdullayeva K. The conceptual system in the image of the poetic universe of Mashhur Zhusip. – Bulletin of the University of Toraigrov. Philological series, 2024. №4. – P. 6-17.

9 Berikbolova P., Abiy A., Aydogdu S. History of Kazakh Literature Classification // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 122, 19 March 2014, – P. 189-193

10 Ауэзов М. История казахской литературы. – Алматы: Изд-во: Академии наук Казахской ССР, 1918. – 442 с.

Материал поступил в редакцию журнала 01.02.2026

Genre and artistic features of Mashhur Zhusup Kopeev's saga «Nusipkhan»

H. Nurkina¹, A. Shaharman¹

¹Toraigrov University, Pavlodar, 140000, Kazakhstan

This article analyzes the genre and artistic features of Nusipkhan, an epic by Mashhur Zhusup Kopeev, a prominent representative of Kazakh literature, from a literary perspective. The interweaving of Eastern, religious, and folkloric elements in the saga is studied from both scientific and literary standpoints.

The analysis of the genre and artistic features of the poet's dastan employed literary-theoretical analysis, the comparative-historical method, textual analysis, descriptive and systematization methods, as well as an author-oriented approach and methods for studying an individual work, its content, and its form.

The study reveals that Nusipkhan is a unique example of the epic genre with distinctive artistic qualities. Through its Eastern narrative structure, folkloric essence, religious themes, and poetic language, the saga stands out as one of the significant works of Kazakh literature. The epic addresses major themes such as morality and ethics, life and death, and the role of religion in Kazakh society in the late 19th century. The work also highlights Mashhur Zhusup Kopeev's role not only as a poet but also as a collector of oral literature, chronicler, religious scholar, and historian.

The research notes that in terms of theme, content, and genre, the saga follows the Eastern kissa tradition while also incorporating features characteristic of Kazakh folklore. Central themes include good and evil, morality and virtue, life and death, human destiny, religion, and faith. The author's intention was to offer moral guidance to humanity, encouraging righteous living, adherence to moral values, and religious observance.

In conclusion, the genre foundations and artistic characteristics of the saga have been examined from literary and scholarly perspectives. The purpose of the study is to explore the genre and artistic features of Nusipkhan, to engage with the literary text, and to analyze its means of artistic expression from a theoretical standpoint.

Key words: genre, style, artistic originality, religious text, Eastern literature, epic Nusipkhan, Mashhur Zhusup.

REFERENCES

1 Jüsipova G. Mäshürtanu belesteri. – Pavlodar: EKO, 2005. – 303 b.

2 Abdullayeva K., Trushev A., Ergaliev K., Erlanova A. linguistic Picture of the world in the poetry of M. Kopeev. – Utopia y Praxis Latinoamericana 25, Extra 6, 2020. – P. 14-28. <https://www.redalyc.org/journal/279/27964115002/27964115002.pdf>

- 3 Mädiбай Q. Abai mürasy men ılımın derekter negızinde tanu. «Abai Qūnanbaiūlynyñ şyğarmaşylyq mürasy jäne ılımı» III halyqaralyq konferensia materialdary. – Almaty, 10 tamyz, 2022.
- 4 İmaşev, E. Abai men Mäşhür Jüsip. «Ortalyq Qazaqstan» gazeti, 11.07.2020. <https://ortalyq.kz/110720200011-2/>
- 5 Erdembekov B. Äset mürasy: aңыз ben aқиқat. Ädebiet portaly. 04.12.2018. https://adebiportal.kz/kz/news/view/aset-murasy-anyz-ben-aqıqat_21002
- 6 Mäşhür Jüsip. Şyarmalar jınaғы. VI tom. – Pavlodar: EKO, 2023. – 184 b.
- 7 Jüsip Q., Jüsipov N. Abai jäne Mäşhür Jüsip. – Toraiğyrov universitetiniñ Habarşysy. Filologia seriasy, 2020. №3. – 219 b. <https://vestnik-philological.tou.edu.kz//storage/journals/108.pdf>
- 8 Abdullayeva K. The conceptual system in the image of the poetic universe of Mashhur Zhusip. – Bulletin of the University of Toraiğyrov. Philological series, 2024. №4. – P. 6-17.
- 9 Berikbolova P., Abiyr A., Aydogdu S. History of Kazakh Literature Classification // Procedia – Social and Behavioral Sciences, Volume 122, 19 March 2014, – P. 189-193
- 10 Auezov M. Qazaq әdebietinin tarihy [History of Kazakh literature] – Almaty: Qazaq SSR Gylym Akademiyasynyn baspasy, 1918. – 442 b.

Received: 01.02.2026

FTAMP 17.82.10

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp256-270](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp256-270)

*А.М. Сақымзада¹, Н.Қ. Жүсіпов¹

¹ «Торайғыров университеті», Павлодар, 140008, Қазақстан

ҚАЗАҚ АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ КИЕЛІ ЖАНУАРЛАР КУЛЬТІ: МИФОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада қазақ аңыздарындағы киелі жануарлар культінің мифологиялық негіздері жанрлық және типологиялық тұрғыдан талданады. Киелі жануар бейнесі көркем сипаттан бөлек, архаикалық дүниетаным мен мәдени жадтың тұрақты символына айналғаны көрсетіледі. Зерттеуде көк бөрі, жылқы, киік, аққу, жылан, ит сынды жануарлар культінің фольклорлық мәтіндердегі мотивтік және семантикалық қызметі қарастырылады. Киелі жануарлар тотемдік түсінікпен, жебеуші рух концептісімен және табу–тыйым жүйесімен байланысады. Олар көбіне қорғаушы, жол көрсетуші, тыйым бұзушыға жаза беруші бейнелер арқылы танылады. Зерттеу барысында киелі жануарлардың «культ – мотив – функция» тізбегі арқылы аңыз мәтініндегі орны анықталып, олардың моральдық, символдық және тәрбиелік қызметтері талданады. Сонымен қатар түркілік және сібірлік халықтардың дәстүрімен салыстыру арқылы киелілік феноменінің әмбебап әрі локальдық сипаты ашылады. Киелілік туралы мифтер мен аңыздарда жануарлар әлем мен адам арасындағы медиатор ретінде де бейнеленеді. Мақалада дәстүрлі дүниетанымдағы синкретизм – тәңіршілдік, шамандық және исламдық ұғымдардың тоғысуы – киелі жануарлар мотивтерінің ұзақ сақталуына негіз болатын мәдени фактор ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: мифтік таным, аңыздар, тотемизм, қазақ мифологиясы, фольклор

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ аңыздарындағы киелі жануарлар культі көркемдік образ деңгейімен шектелмей, дәстүрлі дүниетанымның мифологиялық өзегін сақтаған тұрақты мәдени модель ретінде танылады: мәтіндерде ол көбіне табу-тыйым жүйесімен, қорғаушы рух түсінігімен және түп-ата, тектік белгі туралы нанымдармен қабаттаса көрінеді. Зерттеу корпусындағы аңыздарда ең